

	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 137 қаулысына 3-қосымша
--	---

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Қосымша мәліметтер туралы есеп**

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" "\_\_\_\_\_" жағдай бойынша

Индексі: 700-ДС

Кезеңділігі: ай сайынғы

Ұсынатындар: Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімдері: ай сайын – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ желтоқсан айына қосымша (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке ала отырып) келесі қаржы жылының бірінші ақпанынан кешіктірмей.

	Нысан
--	-------

(банктің атауы)

Шоттардың нөмірлері	Шоттардың атауы	(мың теңгемен)				Есепті күнді деректер
		1	2	...	31	
8713	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша негізгі борыш сомасы	x	x	x	x	
8714	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша үстеме баға сомасы	x	x	x	x	
8715	"А"-тен төмен емес (Standard & Poor's және Fitch рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А3"-тен төмен емес (Moody's Investors Service агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингі бар және банк холдингі немесе банкке қатысты ірі қатысушы болып табылмайтын банктің негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен аса мерзімі өткен берешегі бар, осы қарыздар бойынша келтірілген құнсыздандудың шартсыз қамтамасыз етуі болып табылатын депозит сомасына өтелген қарыздары	x	x	x	x	
8716	шетел валютасында номиналданған бағалы қағаздарды қосқанда, Қазақстан Республикасының ауыртпалық салынбаған мемлекеттік бағалы қағаздары					
8717	"Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған ауыртпалық салынбаған бағалы қағаздар					
8718	2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы талаптар					
8719	2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы міндеттемелер					
8720	Кері репо-овернайт					

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы  
Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Есепке қол қойылған күн 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескерту: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

	Қосымша мәліметтер туралы есеп нысанына қосымша
--	---

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

### **Қосымша мәліметтер туралы есеп**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) әкімшілік деректерді жинауға арналған "Қосымша мәліметтер туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Екінші деңгейдегі банктер Нысанды ай сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды.

#### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысан екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есепке қосымша мәліметтер құрылымын осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ашып көрсетеді.

6. Нысан екінші деңгейдегі банктің жүзеге асыратын қызметіне қарай жасалады.

7. Нысанда екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есепте көрсетілмейтін қосымша мәліметтер бар.

8. 8713 және 8714-шоттардың сомасы "Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиентке қойылатын талаптар" 1426-баланстық шоты бойынша қалдыққа сәйкес келеді және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-тарауында көзделген қызметті жүзеге асыратын ислам банктері жасайды.

9. 8713, 8714 және 8715-шоттар бойынша деректер "Есепті күнгі деректер" бағанында көрсетіледі.

10. 8715-шот бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыздар, "А"-тен (Standard & Poor's және Fitch рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) төмен емес немесе "А3"-тен (Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтингі бар және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13606 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктің және банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидаларын және банк пен банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды әдістемесін бекіту туралы" 2016 жылғы 29 ақпандағы № 69

қаулысына (бұдан әрі - № 69 қаулы) сәйкес екінші деңгейдегі банкке қатысты банк холдингі немесе ірі қатысушысы болып табылмайтын банктің осы қарыздар бойынша келтірілген құнсыздандудың шартсыз қамтамасыз етуі болып табылған депозит сомасына өтелген қарыздар көрсетіледі.

11. 8716-шот бойынша № 69 қаулыға сәйкес шетел валютасында номиналданған бағалы қағаздарды қосқанда, Қазақстан Республикасының ауыртпалық салынбаған мемлекеттік бағалы қағаздары көрсетіледі.

8716-шот Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қамтиды.

12. 8717-шот бойынша № 69 қаулыға сәйкес "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған ауыртпалық салынбаған бағалы қағаздар көрсетіледі.

8717-шот "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры" АҚ және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ шығарған бағалы қағаздар, көрсетілген компаниялардың еншілес ұйымдары шығарған бағалы қағаздарды есепке алмай, көрсетіледі.

13. 8716 және 8717-шоттар бойынша бағалы қағаздардың баланстық құны (номиналдық құны, дисконт/сыйлықақы, оң/теріс түзету) ол бойынша есептелген сыйақыны есепке ала отырып, банктің кері сатып алу талабымен сатқан немесе кепілге берілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзгеше ауыртпалық салынған бағалы қағаздарды шегергенде, көрсетіледі.

8716 және 8717-шоттар бойынша баланстық құн осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепте көрсетілген Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының ауыртпалық салынбаған мемлекеттік бағалы қағаздарының құнына, сондай-ақ "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар құнына сәйкес келуі тиіс.

14. 8718-шот бойынша № 69 қаулыға сәйкес 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы талаптар көрсетіледі.

15. 8719-шот бойынша № 69 қаулыға сәйкес 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы міндеттемелер көрсетіледі.

16. 8718 және 8719-шоттар бойынша сомалар мыналарды: бір күндік своп бойынша – жасалған күнгі талаптарды/міндеттемелерді, екі күндік своп бойынша – жасалған күнгі және своп жасалған күннен кейінгі күнгі талаптарды/міндеттемелерді қамтиды.

17. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықпен беріледі.